



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2016 жылғы 7 желтоқсан

Қазақстандағы инфляция 11 айда 7,5% болды

«Инфляция 2016 жылғы 11 айда 7,5% деңгейінде қалыптасты», – жылдың алдын ала қорытындысына арналған дәстүрлі баспасөз конференциясында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев осындай деректерді хабарлады.

ҚРҰБ басшысы өткен жылғы және осы жылдың басындағы ұлттық валюта бағамын түзету әсерінің ішкі бағаларға ауысуы инфляцияның негізгі себебі болып табылатынын түсіндірді. Бұл ретте ішкі бағалардың өзгеруі теңгенің айырбастау бағамының өзгеруіне қарағанда айтарлықтай аз болды. «Ұлттық Банк бағамды түзетудің ішкі бағаларға ауысуы аяқталды және экономикалық агенттер жаңа өлшемдерге бейімделді деп санайды», – деді Д.Ақышев. Жалғастыра келе ол биылғы жылғы инфляцияның ерекшелігіне байланысты оның төмендеуі экономикадағы ақша ұсынысының айтарлықтай кеңеюі аясында болғанын атап өтті. Айналыстағы қолма-қол ақша 2016 жылғы 10 айда 27,2%-ға, М2 агрегаты 32,5%-ға өсті. М3 ақша массасы 12,3%-ға ұлғайды.

«Жыл қорытындысы бойынша жылдық инфляция одан төмендейді деп күтеміз. Мақсаттан аздап асып кетуі де мүмкін, ол 2017 жылдың алғашқы айларында жойылады. Ұлттық Банктің 2017 жылғы мақсаты – инфляцияны 6-8%-дық дәлізде ұстап тұру, – деп атап өтті Д. Ақышев. – Инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізу мүмкіндігін халық арасында инфляциялық күтулерді бағалау бойынша жүргізілген пікіртерім нәтижелері растап отыр. Жалпы алғанда, біз халықтың жоғары инфляцияны күтпейтінін байқап отырмыз».

2017 жылы ҚРҰБ еркін өзгермелі айырбастау бағамы қағидаттарын ұстануды жалғастырады

11 айда теңгенің номиналдық көрсеткіш бойынша әлсіреуі 0,4% болды және қарашаның соңында теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 341,44 теңгені құрады. Бұл туралы баспасөз конференциясы барысында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

«Біз еркін өзгермелі айырбастау бағамы қағидаттарына сәйкес жұмысты жалғастырамыз. Теңге құнын ішкі және сыртқы іргелі факторлар айқындайды, бұл теңге бағамы серпінінің болжамдылығын қамтамасыз етеді», – деп хабарлады Ұлттық Банк басшысы.

Д. Ақышев Ұлттық Банктің қарашада валюта нарығында өктемдік жүргізбегенінен де хабардар етті. «Ұлттық Банктің айырбастау бағамының іргелі үрдісіне әсері нөлге тең», – деді ол.

«2017 жылы біз теңгенің өзгермелі айырбастау бағамы саясатын ұстануды жалғастырамыз, себебі алынған нәтижелер айырбастау бағамы режимі бойынша қабылданған шешімнің дұрыстығын тағы да растады», – деп қорытындылады ол.

ҚРҰБ-ның алтынвалюта резервтері \$29,8 млрд. болды

Ұлттық Банктің бағам белгілеуге араласпау саясаты резервтерді сақтауға мүмкіндік береді. Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері алдын ала деректер бойынша қарашаның соңында \$29,8 млрд. болды. Бұл туралы жылдың алдын ала қорытындысына арналған баспасөз конференциясында сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

«Қарашада негізінен банктермен валюталық своптарды жабу (қарашада 700 млн. долл. дерлік, жыл басынан бері – 4,8 млрд. долл.) және алтын бағасының төмендеуі есебінен резервтер қысқарды. Соған қарамастан, алтынвалюта резервтері жылдың басынан бері 2 млрд. АҚШ долларына өсті», – деп атап өтті Д. Ақышев.

Ұлттық қордың 61,0 млрд. АҚШ долл. болатын активтерін қоса алғанда, елдің халықаралық резервтерінің жалпы сомасы 91 млрд. АҚШ долларына немесе ІЖӨ-нің шамамен 70%-на жетті.

ҚР ҰБ МБҚ қайталама нарығының біртіндеп қалпына келуін байқап отыр

2016 жылы Ұлттық Банк ішкі нарықта ақша құнының бағдары болуға арналған кірістілік қисығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Орналастырылатын ноттардың көлемі өсуде және олар бойынша мерзімдер ұзартылды. Мәселен, 2008 жылдан бастап алғаш рет айналыс мерзімі 1 жыл болатын ноттар шығарылды, қыркүйекте және қарашада 2 аукцион өтті, онда ноттарға сұраныс ұсыныстан айтарлықтай асып түсті. Бұл туралы журналистерге 2016 жылғы қызметтің алдын ала қорытындысына арналған баспасөз конференциясында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

«Мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығының біртіндеп қалпына келуі байқалып отыр. Пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық құрылымы алдын ала болжанған және нарыққа қатысушылардың күтулеріне барабар қалыптасуда», – деп атап өтті Ұлттық Банктің басшысы.

Ол сондай-ақ «шетелдік ойыншылардың ұзақ уақыттан бері алғаш рет қайталама нарықтың қатысушылары болғанын және бейрезиденттер тарапынан ноттарға сұраныстың байқалып отырғанын» атап өтті. «Бұл бейрезиденттердің сондай-ақ өз тәуекелдерін есептей алатынын білдіреді, яғни нарықтың күтуі мен Ұлттық Банктің саясаты түсінікті және болжамды», – деп түсіндірді ол.

Сонымен қатар Д. Ақышев «біз 15 қарашадан бастап қайталама нарықта Қаржы министрлігінің 2 жылдан 5 жылға дейінгі өтеу мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздарымен операциялар жүргізуді бастадық. Бұл қалыптастырылатын кірістілік қисығын ұзартуға мүмкіндік береді және теңгедегі кредиттік белсенділікті жандандыру үшін маңызды жағдай болады», – деп хабарлады.

2016 жылы Қазақстанда депозиттер құрылымының жақсаруы байқалады

«Өтіп бара жатқан жылы біз депозиттер құрылымының жақсаруын байқап отырмыз», - деді 2016 жылғы қызметтің алдын ала қорытындыларына арналған баспасөз конференциясында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев.

«Шетел валютасындағы депозиттердің үлесі әлі де жоғары болуына қарамастан, төмендеу үрдісі айқын», – деп атап өтті Д. Ақышев.

ҚР ҰБ деректері бойынша шетел валютасындағы депозиттер жыл басынан бастап 10%-ға төмендеді, ал теңгемен депозиттер 60%-ға өсті.

«Нәтижесінде депозиттерді долларландыру деңгейі 2016 жылғы қаңтардағы ең жоғарғы 70% деңгейден 2016 жылғы қазанда 55,7%-ға дейін төмендеді», – деп атап өтті Ұлттық Банк Төрағасы.

ҚРҰБ-ның 2017 жылға арналған басты мақсаты – баға тұрақтылығы

«Бүгін өзіміздің Интернет-ресурсымызда 2017 жылға арналған ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарын жарияладық. Негізгі мақсат – баға тұрақтылығы», – бұл жөнінде журналистерге 2016 жылдың алдын ала қорытындыларына арналған баспасөз конференциясында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

«Біз 2017 жылға инфляция бойынша нысаналы дәлізді 6-8% мөлшерінде сақтаймыз, ал болашақта 2020 жылға қарай оны 4%-дан төмен деңгейге дейін төмендетуді жоспарлап отырмыз», – деп мәлімдеді Д. Ақышев.

Ұлттық Банк бұдан әрі де инфляциялық таргеттеу саясатын ұстанады. «Біз тиімді пайыздық арнаның тиімділігін арттыру және базалық мөлшерлеменің рөлін күшейту бойынша шараларды іске асыруды жалғастырамыз. Бұдан басқа, ақша-кредит саясатының жекелеген құралдарының рөлін нақтылау жоспарланып отыр», – деді ҚР ҰБ басшысы.

Сонымен қоса, ол 2017 жылы «кірістіліктің тәуекелсіз қисығын қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады, ол пайыздық мөлшерлемелер бойынша нарықтық күтулердің индикаторы болып табылады» деп атап өтті.

Ұлттық Банк еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимін де сақтайды, оған сәйкес теңгенің бағамы шетел валютасының сұранысы мен ұсынысы арасындағы арақатынас нәтижесінде айқындалады.

«Ақшаның экономикадағы барабар құнын көрсету мақсатында ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін базалық мөлшерлемеге теңестіру 2017 жылға арналған тағы бір шара болады», – деп хабарлады Д. Ақышев.

Ұлттық Банк сонымен бірге Ұлттық Банктің ашықтығын арттыру және коммуникациялық саясатын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырады. «Транспаренттіліктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету қазақстандықтардың Ұлттық Банкке деген сенімін арттыруға, инфляциялық және девальвациялық күтулерді төмендетуге және ақша-кредит саясатын барынша тиімді жүргізуге мүмкіндік береді», – деп қорытындылады Ұлттық Банк Төрағасы.

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz